

**«Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы көпсалалы
инновациялық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық
кәсіпорынның қызметіндегі сыбайлас жемқорлық
тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша
Талдамалық анықтама**

Көкшетау қ.

28 маусым 2024 жыл

Басқарма қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мәніне талдау жүргізу үшін «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына, «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу мақсатында «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша ішкі талдау жүргізу үшін уәкілетті тұлғаны тағайындау туралы» 2022 жылғы 25 сәуірдегі № 01-09/н-39 бұйрық қабылданды.

Талдау кезеңі: 2023 жылғы 1 - 30 маусымға дейін.

Талданатын кезең: 2022 жылғы 1 маусымнан 2023 жылғы 1 маусымға дейін.

Бұйрықпен уәкілетті тұлға – басшының оқу-тәрбие жөніндегі орынбасары Болат Төлекұлы Тәткенов тағайындалды (бұйрықтың көшірмесі қоса беріледі).

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге, үйлестіруге және жауапкершілік пен жұмыс нәтижелеріне басшылық ету «Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы көпсалалы инновациялық колледжі» МКҚК басшысына жүктелді.

Ақмола облысы әкімдігінің 2023 жылғы 6 ақпандағы № А - 2/42 қаулысымен бекітілген «Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы көпсалалы инновациялық колледжі» МКҚК Жарғысы (бұдан әрі - Жарғы) бар.

Ақмола облысы білім басқармасы басшысының 2017 жылғы 15 наурыздағы № 40 өкімімен «Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы көпсалалы инновациялық колледжі» МКҚК басшысы болып Сайран Өмірзаққызы Сейітқалиева тағайындалды.

«Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы көпсалалы инновациялық колледжі» МКҚК миссиясы білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру болып табылады.

«Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы көпсалалы инновациялық колледжі» МКҚК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген талдау барысында мыналар анықталды:

«Нормативтік құқықтық актілер» бағыты.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдаудың жұмыс тобы КИК-өз қызметінде басшылыққа алатын кодекстерді, заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді зерделеді.

Талдау жүргізу барысында КИК қызметі және онымен байланысты нормативтік - құқықтық актілер қаралды ("Білім туралы" Қазақстан

Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңы, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексі, Техникалық және кәсіптік оқыту, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының түрлері қызметінің үлгілік қағидалары, колледж Жарғысы және т. б.).

Талданатын кезеңде 302 нормативтік құқықтық актілер (бұйрықтар) әзірленді, оның ішінде негізгі қызмет бойынша - 31, жеке құрам бойынша-178, іссапар—41, демалыс-52. Колледж бойынша бұйрықтар жүйелі сипатқа ие және күнтізбелік жылдың басынан аяғына дейін нөмірленеді. Барлық бұйрықтар бұйрықтың әрекеттері мен мазмұнын реттейтін нормативтік - құқықтық актілерге сәйкес шығарылды.

Жүргізілген талдау нәтижелері бойынша әкімшілік-басқару персоналының өз қалауы бойынша шешімдер қабылдауына ықпал ететін, жеке тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде кедергілер жасауға ықпал ететін, нормативтік құқықтық актілерді өз бетінше түсіндіруге мүмкіндік беретін құқықтық олқылықтар белгіленбеген. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің болуы анықталған жоқ.

«Персоналды басқару» бағыты.

2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша штат саны 128,883 штат бірлігін құрайды.

Барлық қызметшілер лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді.

Кадрлардың ауысымдылығын талдау көрсеткендей, 2023 жылғы 1 маусымнан бастап 2024 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде 25 (жиырма бес) еңбек шарты жасалды, ҚР Еңбек кодексінің 49-бап. 5 б. сәйкес қызметкердің өз қалауы бойынша 28 (жиырма сегіз) еңбек шарты бұзылды.

Тәртіптік практиканы талдау барысында 2023 жылғы 1 маусымнан 2024 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде 13 тәртіптік жаза қолданылғандығы анықталды, оның ішінде: Еңбек кодексінің 64-бап, 1-тармақшасына сәйкес 4-ескерту, 4-сөгіс, 5-қатаң сөгіс (өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін) берілді. Негіздеме және растайтын құжаттар бар. Ағымдағы кезеңде кадр мәселелері бойынша шағымдар түскен жоқ.

Қызметкерлердің жеке істері, оның ішінде біліктілік (дипломдар) беріле отырып, жоғары не кәсіптік және техникалық білімінің бар екендігін куәландыратын құжаттар тексерілді, оның барысында барлық қызметкерлердің тиісті салалардың уәкілетті органдарының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетіндігі анықталды.

Педагогтерге біліктілік санаттары "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқада азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығының ережесіне сәйкес беріледі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 29 ақпанда № 13317

болып тіркелді. 1-тармақ жаңа редакцияда-ҚР Білім және ғылым министрінің 11.12.2021 ж. № 561 бұйрығымен. Әкімшіліктің санаттары: колледж басшысының біліктілік санаты басшы-ұйымдастырушы, басшының оқу ісі жөніндегі орынбасарында - үшінші біліктілік санаты, басшының оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасарында – үшінші біліктілік санаты бар.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26-бабы 2-тармағының 3) тармақшасында көзделген шектеулердің жоқтығына көз жеткізу үшін кәметке толмағандардың қатысуымен білім беру, тәрбиелеу және дамыту, демалу мен сауықтыруды, дене шынықтыру мен спортты, медициналық қамтамасыз етуді, әлеуметтік қызметтер көрсетуді, мәдениет пен өнерді ұйымдастыру саласындағы ұйымға жұмысқа орналасуға жол бермеу бөлігінде көзделген соттылығы бар немесе болған, қылмыстық қудалауға ұшыраған немесе тартылған (Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 35-бабы бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларының негізінде қылмыстық қудалау тоқтатылған адамдарды қоспағанда) қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін: өлтіру, денсаулыққа қасақана зиян келтіру, халықтың денсаулығы мен имандылығына, жыныстық тиіспеушілікке қарсы, экстремистік немесе террористік қылмыстар, адам саудасы үшін шектеулердің болмауы тұрғысынан қызметкерлердің жеке істері тексерілді.

Қызметкерлердің жеке істерінде Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы құқықтық статистика және арнайы есепке алу Комитетінің ақпараттық - анықтамалық есептеріне сәйкес соттылығының жоқтығы туралы анықтамалар бар екені анықталды.

Қызметкерлерді қабылдау және жұмыстан босату кезінде басшы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексін, сондай-ақ ұжымдық шартты қатаң басшылыққа алады. Бұзушылықтар табылған жоқ.

Қызметкерлерді қабылдау және жұмыстан босату кезінде басшы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексін, сондай-ақ ұжымдық шартты қатаң басшылыққа алады. Бұзушылықтар табылған жоқ.

«Арнайы есепке алу» ААЖ дерекқорына сәйкес колледж қызметкерлерінің ешқайсысында қылмыстық қылмыстары үшін соттылығы не өтелмеген соттылығы жоқ, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылыққа тарту туралы мәліметтер жоқ.

Ішкі талдау барысында лауазымды адамдар үшін қолданыстағы заңнамамен белгіленген сыбайлас жемқорлыққа қарсы қабылданған шектеулер мен тыйымдардың бұзылуы анықталған жоқ.

«Мемлекеттік қызметтер» - бағыты.

ҚР Цифрлық даму инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің міндетін атқарушының 31.01.2020 жылғы № 39 НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес білім беру ұйымдарында 8 мемлекеттік қызмет көрсетіледі:

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру ұйымдарындағы тәрбиеленушілер мен білім алушылардың жекелеген санаттағы азаматтарына, сондай-ақ, қорғаншылық (қамқоршылықтағы) пен патронаттағы тұлғаларына тегін тамақтандыруды ұсыну;

- Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы білім алушыларға жатақхана беру;

- Техникалық және кәсіптік білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру;

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау;

- Білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша ауыстыру;

- Білім алушыларды білім беру ұйымдарының үлгілері бойынша қайта қабылдау;

- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алуды аяқтамаған адамдарға анықтама беру;

- Білім беру ұйымдарында білім алушыларға академиялық демалыс беру.

2023 жылғы 1 маусымнан 2024 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде барлығы 413 қызмет көрсетілді;

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілген-2 қызмет;

«Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер -7;

электрондық платформа арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер <https://college.smartnation.kz> -251 қызмет;

қағаз нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер -153.

Білім беру саласындағы барлық мемлекеттік қызметтер тегін көрсетіледі.

3) Неғұрлым талап етілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат: «Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы көпсалалы инновациялық колледжі" МКҚК-да неғұрлым талап етілетін мемлекеттік қызметтер:

«Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау» - көрсетілген кезеңде - 242 қызмет;

«Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана ұсыну» - көрсетілген кезеңде 140 қызмет.

2. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс:

1) Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.

Көрсетілетін қызметті алушылар үшін барлық қажетті ақпарат, көрсетілетін қызметтер тізбесі және мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары колледждің ресми интернет ресурсында <http://pt0008.kokshetau.aqmoedu.kz/> «Мемлекеттік қызметтер» бөлімінде орналастырылған. Мемлекеттік қызметтердің тізбесі мен ережелері ақпараттық стендтерде де орналастырылған. Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы жұмыс істейді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар үшін колледжде кедергісіз орта құрылды: пандустар, шақыру батырмалары, көру қабілеті бұзылған адамдар үшін тактильді желілер, мүгедектердің және мүмкіндігі шектеулі адамдардың автомобильдеріне арналған тұрақ, тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектерге бейімделген санитарлық тораптар.

Колледж мемлекеттік қызмет көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар өткізеді (түсіндіру жұмыстары, семинарлар, кездесулер, сұхбаттар және т.б.).

Аталған кезеңде білім беру ұйымы мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша 1 кеңестік отырыс, колледждің ресми интернет-ресурстарында және әлеуметтік желілерде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы 3 жарияланымдар және 1 тікелей эфир өткізілді. Сондай-ақ, колледж сайтында, әлеуметтік желілерде талқылау мақсатында 2023 жылғы Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы колледж қызметі бойынша есеп орналастырылды.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процессін жетілдіру жөніндегі қызмет.

1) Мемлекеттік қызмет көрсету процестерін оңтайландыру және автоматтандыру нәтижелері.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету және мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында 2020 жылдан бастап білім беру ұйымдарында ҚР БҒМ ММ АЖО жүйесі жұмыс істейді, онда 3 мемлекеттік қызмет қолжетімді.

Бұдан басқа, "College Smart Nation" ақпараттық жүйесінде 7 мемлекеттік қызмет автоматтандырылды.

2) Мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар.

Колледжде «Мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың үйлестірілген жұмыс орнына немесе терминалды жүйесіне, сондай-ақ ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің компоненттеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 25 қарашадағы № 322/НҚ бұйрығына сәйкес техникалық сипаттамалары бойынша қажетті компьютерлік техникамен қамтамасыз етілген 4 қызметкер мемлекеттік қызмет көрсетеді.

Мемлекеттік қызмет көрсетуге жауапты барлық қызметкерлер «Ақмола облысы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының» филиалы, ЖШС «Конструктивное решение» фирмасы ұйымдастырған «Мемлекеттік қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру» тақырыбы бойынша Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті. Ерекше қажеттіліктері бар адамдармен өзара әрекеттесу туралы сертификаттарға ие.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бақылау.

2023 жылғы 14 ақпанда колледжде 2023 жылғы 1 қаңтардан 2023 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезеңде көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша бақылау іс-шарасы өткізілді. Бақылау іс-шарасының қорытындысы бойынша есепті деректерге сәйкессіздіктер және Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзу анықталған жоқ.

2023 жылғы 1 маусымнан 2024 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде мемлекеттік қызметтер көрсету мерзімдерінің бұзылуы анықталған жоқ, шағымдар түскен жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде бұзушылықтарға жол бермеу бойынша қажетті шаралар қабылдануда.

«Ұйымдастыру-басқару қызметі» бағыты. Мемлекеттік сатып алуды өткізу.

01.06.2023 ж. бастап 01.06.2024 ж. аралығында «Ақмола облысының білім басқармасы жанындағы көпсалалы инновациялық колледжі" МКҚК 396 сатып алу өткізілді. Сатып алу «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес конкурс өткізу, баға ұсыныстарын сұрату, сондай-ақ электрондық дүкендер арқылы жүзеге асырылды. Тексерілген кезеңде сот шешімімен 10 өнім беруші жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізілді, олар бойынша қамтамасыз етуді ұстап қалу 24,8 мың теңгені құрады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау қорытындысы бойынша МКҚК ұсынылды:

1. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында "техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларға жатақхана беру" мемлекеттік қызметін электрондық үкімет порталы арқылы көрсету eGov.kz.

Ішкі талдау жүргізуге уәкілетті тұлға Таткенов Б. Т.

КЕЛІСІЛДІ

Бекбауова И.Х. Бекбауова И.Х басшының ОІЖ орынбасары
Ганзен Т.П. Ганзен Т.П. кәсіподақ комитетінің төрағасы
Бекужинова Д.К. Бекужинова Д.К. кадрлар жөніндегі инспектор
Нұрмұханова А.М. Нұрмұханова А.М. бас бухгалтер

ТАНЫСТЫМ

Колледж басшысының м.а.

В. Ларин

В. Ларин